

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДА



Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінде іс-шаралар кең көлемде өткізіліп келеді. Осындай іс-шаралар Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде ұйымдастырылып жатыр.

2021 жылдың 25 қазанында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультетінде Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулының «29 қазан Республика күні және халықаралық тәуелсіздіктің 30 жылдығындағы түркі мемлекеттері мен түркі әлемі» тақырыбында консул сағаты өтті. Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Али Рыза Ақынжы мырза Қазақстанның тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтай отырып, Қазақстан-Түркия арасындағы достық және ынтымақтастық қарым-қатынастың әлі де дами түсетіндігін, түркі мемлекеттерінің болашағының зор екендігін айта кетті. Бас консул студенттер тарапынан қойылған әртүрлі сұрақтарға жауап беріп, олардың бәсекеге қабілетті маман иесі болатындарына сенім артты.

Шығыстану факультеті деканы Ықтияр Палтөре мырза Түркия елінің 29 қазан «Республика күнімен» құттықтап, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Али Рыза Ақынжы мырзаны студенттермен маңызды тақырыпта консул сағатын өткізгені үшін ризашылығын білдіріп, алғыс хат табыстады.

2021 жылдың 10 қарашасында Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Шығыстану факультетінде Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының Дін істері басқармасының жанындағы Динаят қорының қолдауымен қайырымдылық шарасы өтті. Қайырымдылық шараға қатысқан Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының Дін істері басқармасы атташесі Умруллаһ Үзүм мырза студенттердің білім алу жолындағы талпыныстарына өз ризашылығын білдіре отырып, таңдаған мамандықтары бойынша терең білім ала отырып, білікті маман болуларына тілектестігін білдірді. Сонымен қатар, аталмыш қор өкілдері Шығыстану факультетінің студенттеріне сыйлықтарын табыстады. Бұндай іс-шаралар шығыстану саласына деген қызығушылықты арттыруға және екі ел арасындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға өз үлесін қосады.

2021 жылы 20 қарашада Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл келді. Университеттің ғылыми кітапханасында белгілі саясаткер, университеттің оқытушы-профессорлары және студенттерімен кездесу өткізді. Сонымен қатар, шараға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы-Ректоры Жансейіт Түймебаев, Олжас Сүлейменов, Смағұл Елубай, Марат Тоқашбаев,

Қали Сәрсенбай, Сәбит Шілдебай сынды зиялы қауым өкілдері, дипломаттар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Түркияның экс-президенті Абдулла Гүл Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтай отырып, еліміздің өлем елдерімен иық тіресіп дамуына ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қосқан ерең еңбегін және Елбасының сара жолын мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың абыроймен жалғастырып келе жатқанын тілге тиек етті. Түркияның қоғам қайраткері өзінің саяси саладағы көп жылдық тәжірибесімен бөлісіп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Шара соңында Түркияның экс-президенті Абдулла Гүлге Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Құрметті профессоры» атағын берілді және университет ректоры Жансейіт Түймебаев «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапаттады.

Осындай іс-шаралардың тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында өтуі Түркия елінің Қазақстан тәуелсіздігін алғаш жариялаған сәттен бастап қолдағанын және қолдап келе жатқандығын көрсете түскендей. Қазақстан-Түркия арасындағы мәдени, экономикалық, достық және ынтымақтастық қарым-қатынастардың қарқынды дамуының арқасында көптеген істер атқарылып жатыр. Екі ел арасына салынған достық-ынтымақтастық көпірі берік болғай!

**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Шығыстану факультеті  
Түрксой кафедрасы аға оқытушылары  
А.Ж. Назарова., Г.К. Теменова.**

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУЛЕР КЕҢІСТІГІНДЕ

Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болғанына отыз жыл! Тәуелсіздік жылдарында еліміздің жоғары білімінің қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті білім мен ғылымның дамуының биік-биік белестерінен өтті. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіз Қазақстан әлемдік ғылыми-зерттеулер кеңістігінде» атты халықаралық конференция онлайн және офлайн форматта өтті. «Түркология және тіл теориясы» кафедрасы ұйымдастырып отырған конференцияның басты мақсаты – қазақ тілін, әдебиетін, фольклорын, тарихын, этнографиясын, мәдениетін зерттеушілерге жаңа өріс ашып, жаңа бағыт беру, түркі әлемнің ғылыми кеңістігіне шығару.

Халықаралық сипатты алқалы жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы, филология ғылымдарының докторы, профессор Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы ашты. Білім ордасының басшысы өз құттықтауында соңғы он жыл ішінде түркітілдес елдердің мемлекетаралық ынтымақтастығы дамудың жаңа кезеңіне көтерілгенін айтты.

«Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі түркологияның мамандық ретінде оқытылуы үлкен жетістік деп санаймыз. Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде, Қожа Ахмет Йассауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінде «Түркітану» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады. Біз «ғылымда даңғыл жол жоқ» деген сөзді «ғылымда даңғыл жол бар, ол – ізденіс пен білім жолы» деген қағидаға айналдыру үшін жүйелі жұмыстар жүргізуіміз керек. Сонда ғана түркі әлемінің көкжиегі кеңейіп, ортақ қазынамыз молаяды», – деді университет басшысы.

Бұдан кейін бірнеше шетелдік университет ғалымдары Қазақ елінің 30 жылдық Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады. Солардың бірі – Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университеті, «Қазақ тілі және мәдениеті орталығының» директоры филология ғылымдарының кандидаты Гүлмира Қойшыбаева:

«Мәскеу Мемлекеттік лингвистикалық университетінде Қазақ тілі мен мәдениеті орталығы 2003 жылдың 29 қазанында ашылды. Орталықтың ашылуы ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың, Әл-Фараби Қазақ Ұлттық университеті, ҚР-ның Ресей Федерациясындағы

Елшілігі және Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінің белсенді қолдауымен жүзеге асырылды. Орталықтың алғашқы оқытушылары профессорлар Ербол Абдрасилов, Раушан Авакова, Лейла Асқарға үлкен алғыс білдіреміз. Сіздерге, конференция жұмысына сәттілік тілейміз», – деді.

Аға оқытушы Арина Бобкова қазақ тілінде білім алып жатқан студенттер атынан құттықтау сөйлеп, бірге қазақ тілінде ән шырқады.

Ұлықбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университетінен профессор, филология ғылымдарының докторы Мухаббат Курбанова, Түркиядан PhD, профессор Сүйер Екер (Башкент университеті), PhD, профессор Рефие Гүлин Өгүт Екер (Хаджеттепе университеті), профессор Анар Салқынбай (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), профессор Раушангүл Авакова (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), кафедра меңгерушісі сөз сөйлеп, бүгінгі түркологиядағы өзекті мәселелер туралы ой бөлісті.

«Тіл және әдіснама», «Жас ғалымдар», «Әдебиет және фольклор», «Тарих, этнография, археология» секциялары бойынша Түркиядан, Қазақстанның өзге қалаларынан магистрант, докторанттар мағыналы баяндамалар жасады.

Дүбірлеп өткен жиын дәстүрлі өтіп жүрген «Түркі жазуы» мейрамымен аяқталды.

Тәуелсіз мемлекетіміз Қазақ елінің ең басты міндеті – кең-байтақ елімізді мекендейтін бірнеше ұлттың тұтастығын, бірлікте болуын қамтамасыз ету. Оның ішінде түркітілдес халықтар да бар. Мәңгілік елдің тәуелсіздігі де мәңгілік болсын!

**Қортабаева Гүлжамал  
Филология ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология факультеті  
«Түркітану және тіл теориясы» кафедрасы**



## ҚАЗҰУ-дың ТҮЛЕКТЕРІ, ЖАСТАРЫ

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер қаншама. Олардың жақсысы да, жағымсызы да жетерлік. «Сол мәселелерді бүгінгі таңда кім орын-орнына қоя алады» деген сұрақ әрбір адамның ойында жүрері хақ. Әрине, бұл сұрақтың жауабы сол өзіміздің өскелең ұрпақ, жастарымыз емес пе. Бұл тұрғыда барлық жауапкершілікті солардың мойнына жүктеу, әрине, қате ұғым. Ел үшін, қоғам үшін әрбір тұлғаның рөлі өзінше бөлек. Бірақ басым көпшілік күшті сол біздің жастарымыз алмақ. Себебі қазіргі ғылым мен білімнің дамыған заманында заман ағынымен өсіп келе жатқан, міне, осы жастарымыз емес пе. Сол үшін біз сол жастарымызға сенеміз.

Қазіргі XXI ғасыр білімділердің ғасыры. Оны еш күмәнсіз айта аламыз. Осы тұрғыда ҚазҰУ студенттері өздерінің талпынысымен адамды қуантуда. Әрине, өзге жастарымыздың да жасап жатқан дүниелері жоқ емес. Бірақ көз алдымызда дамып, өсіп жатқан студенттеріміз өз бақылауымызда болғандықтан олардың орны бөлек болып тұрады екен. Жастардың білімін жетілдіру барысында университетіміз ерекше белсенділік танытуда. Жылдан-жылға түрлі бағдарламалар санын көбейтуде. Осы тұрғыда физика-техникалық факультетіне қараша айында Осака университетінің екі оқытушысы, профессорлары келіп жоғарғы білім, яғни, екінші диплом тұрғысынан пікір алмасқан болатын. Осака университеті, жалпы, қазіргі таңда әлемдегі білім беру жөнінен алдыңғы орында тұрған университеттердің бірі болып табылады. Келген оқытушылар бізге біраз мәліметтерімен бөлісті. Студенттердің міндеті, ол жақта тәжірибе алмасып, елге білімдерін одан әрі жетілдіріп оралу. Жалпы, қазіргі заманда бәсекеге қабілетті ел боламыз деген мақсат қойылса, соған сай бәсекеге қабілетті жастардың болуы міндетті деген оймен осындай біршама жобалар, бағдарламалар қара шаңырағымызда орын алуда. Сөзімді қорытындылай келе мына өлең жолдарымен аяқтасам:

*Көп қой шіркін, бауырлары, достары,  
Тек алға деп сөздің бірін бастады.  
Қарап тұрсаң, қызығасың, тоймайсың  
Бұл ҚазҰУ түлектері, жастары.  
Мына күні біраз ойды түйемін,  
Елім үшін қуанамын, күйемін.  
Білім алып жүрген оқу орнымды  
ҚазҰУ-ды мен мәңгілік сүйемін!*

**Мақсатқызы Н., Оразалы Н.**